

"Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №7 мектеп-лицейі" коммуналдық

2024-2025 оқу мемлекеттік мекемесі жұмыстарының

аналитикалық талдауы

2024-2025 оқу жылының басында 1-11 сынып оқушыларының арнайы кәсіби бағдарымен жылдық жұмыс жоспары құрылды, мектеп әкімшілігімен бекітілді.

Мектептегі тұлғаны мәдениеті жоғары сынып оқушыларының шындығында түрлі жағдайда өмірде қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты аса тиімді болып табыр. Жалпымен жаңа мамандықтар туралы оқушылар аз ақпарат алды және дағдысы мамандықтар да әлсүлі өзгерістерге ұшырайды. Ембек нарығындағы құрылымда, адамға және оның жеке ерекшеліктеріне қойылатын мағандық талаптары сияқты факторларды ескере отырып жасалған кәсіби талдау мамандықты табысты игерудің еңбек қыметіне үлесінгі әбрудің, басқаруға қабілетті кәсіпкерлік қабілетін қалыптастыруға мағандық талдау мағандық шарты қалыптастыруға мағандық талдау.

**«2024-2025 оқу жылында
кәсіби бағдар бойынша өткізілген
жұмыстарға аналитикалық талдау»**

2. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарларын мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптерін дәрбес және саналы талдаудың қалыптастыруға ықпал ету.

3. Мамандардың тарту арқында және оқушылардың кәсіби мағандық қасиеттерін диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын қолдану арқылы оқыту;

Жоспар бойынша жыл бойы өткізілген жұмыстарға тоқталсам:

Педагог-психологтың қатысуымен ұжымдық және жеке, мамандық талдау мәселелері бойынша оқушылармен тренинг өткізілді.

Кәсіпмен танысу және еңбекті ұйымдастыру мағандық кәсіпкерліктерге экскурсиялар ұйымдастырылды.

Щучинск қаласындағы Жоғары техникалық көпмәжігіте 9 сынып оқушыларымен бірге «Мәдениет және технология объектілерінің аналитикалық дисциплина» атты ағым ағымдағы барлық. Ол жерде информатиканы жетік меңгерген студенттерге мағандық қығалары мен сындықтар табыс етті. Оқу оқушылар өз жұмыстарын көрсетіп аналды жоспарларымен бағалды. Оқу қыметі де табысты болды.

2024-2025 оқу жылы

**Щучинск қаласы № 7 мектеп-лицейінің кәсіби бағдар бойынша
2024-2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстардың
аналитикалық талдауы**

2024-2025 оқу жылының басында 1-11 сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдардың жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп әкімшілігімен бекітілді.

Мамандық таңдау мәселесі жоғары сынып оқушыларының алдында тұр, ал қазір ол біздің қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты аса өзекті болып отыр. Көптеген жаңа мамандықтар туралы оқушылар аз ақпарат алады және дәстүрлі мамандықтар да елеулі өзгерістерге ұшырайды. Еңбек нарығының сұранысы, адамға және оның жеке ерекшеліктеріне қойылатын мамандық талаптары сияқты факторларды ескере отырып жасалған кәсіби таңдау мамандықты табысты игерудің, еңбек қызметіне үйлесімді кірудің, бәсекеге қабілетті кәсіпқойдың қалыптасуының, сайып келгенде – мамандық таңдау маңызды шарты болып табылатыны баршаға мәлім.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мектепте кәсіби бағдар беру жұмысының міндеттері:

1. Оқушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
2. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Мамандарды тарту арқылы және оқушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын қолдану арқылы оқыту;

Жоспар бойынша жыл бойы өткізілген жұмыстарға тоқталсам:

Педагог-психологтың қатысуымен ұжымдық және жеке, мамандық таңдау мәселелері бойынша оқушылармен тренинг өткізілді.

Кәсіппен танысу және еңбекті ұйымдастыру мақсатында кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастырылды.

Щучинск қаласындағы Жоғары техникалық колледжіге 9 сынып оқушыларымен бірге «Неделя методического объединения информационных дисциплин» атты ашық апталығына бардық. Ол жерде информатиканы жетік меңгерген студенттерге мақтау қағаздары мен сыйлықтар табыс етті. Осы оқушылар өз жұмыстарын көрсетіп алдағы жоспарларымен бөлісті. Өте қызықты да тартымды болды.



Оқу орындарының өкілдерімен кездесіп, Ашық есік күндері өткізілді.

Щучинск қаласы, ЦДЮТ Арман орталығы мамандары келіп, 10-11 сынып оқушыларына арналған кәсіби курс туралы әңгіме өткізілді (дәнекерлеуші, автокөлік жүргізуші)



Көкшетау қаласы, Ф.Дзержинский атындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің академиясынан оқытушылары келіп 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.



Көкшетау қаласы, Шоқан Уалиханов атындағы университеттің оқытушылары №1 гимназия мектебіне келіп қала бойынша 11 сыныптармен кездесу өткізді (заңгер, экономист мамандығы бойынша)



Алматы қаласы Азаматтық авиация академиясының ұстаздары келіп 10-11 сыныптар кәсіби бағдар берді. Азаматтық авиация академиясының тиімді жақтарын айта отырып, мамандар даярлауда жүзеге асатын-бакалавриат-магистратура-докторантура-қайта даярлау, сонымен қатар Академияда білім беру қызметтерін ұсынуға арналған жоғары білікті мамандар, дамыған инфрақұрылым және материалдық-техникалық базасы бар екені жөнінде айтып өтті.



Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Жоғары техникалық колледж» оқытушылары 9 сынып оқушыларына «Дәнекерлеу және электрмонтаждау ісі» бойынша мастер класс ұйымдастырды. Бұл жерде студенттердің жасаған жұмыстарымен таныстырды, көптеген жобалармен басқа қалаларға сайыс ретінде қатыса отырып өздерінің

білгір маман екенін дәлелдей отыра, бірнеше орындарға ие болған. Сәндік бұйымдарды қалай жасау керек екендігі туралы әдіс тәсілдермен бөлісті. Өте тартымды да қызықты өтті.



Көкшетау қаласынан «Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі» оқытушылары келіп кәсіби бағдар берді. Колледж туралы айта отырып, төтенше жағдай болған кезде киетін қорғаныс киімдерін алып келіп, қалай кию керектігін көрсетті. Оқушылар қызығушылық танытып киіп көрді.



“KETTIK STUDY” компаниясы арқылы Польша қаласына 9-11 сыныптарға жеңіл түрде оқуға тиімді жолдармен түсу бойынша көптеген ақпараттар түсіндірілді. Сол жерде екінші курс студенті осы Университетке қалай оқуға түскені жайында және де оқу ерекшеліктерін, ол жердің жоғарғы оқуының жетістігі туралы айтылды. Оқушылар өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қойып, жауаптарын алып жақсы көңіл күйде болды.



Астана қаласы С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ КеАҚ « Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта» факультетінің Phd аға оқытушысы Мусаева Биназир Мухтарханқызы мектебіміздің 11 сынып оқушыларымен кездесіп кәсіби бағдар берді. Оқушыларға университет туралы көптеген мәліметтер берді. ЖОО –ға түсу үшін қойылатын талаптармен таныстырды.




"Бурабай ауданының Қатаркөл ауылы, Ауыл шаруашылығы колледжі" МКҚК оқытушылары келіп, мектебіміздің 9 сынып оқушыларымен оқудың ережелерімен таныстырып, ол жерде қандай тәжірибелік жұмыстар атқарылатыны жөнінде айтылды.



Оқушылармен жұмыс:

Оқушылармен жұмыс кезінде жас ерекшеліктері, жеке тұлғаның жеке даму ерекшеліктері, мамандық таңдауда қызығушылықтары мен бейімділігі ескерілді. Сондықтан алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін кәсіптік бағдар бойынша әр түрлі жұмыс түрлері қолданылды.

Оқушылардың басым бөлігі өздерінің қабілеттері, әр түрлі мамандықтар туралы ақпарат және одан әрі кәсіби өсудің болашағы туралы білімдерге қызығушылық танытты, бұл олардың сауалнамадағы жауаптарынан көруге болады.




	иә	жоқ
1. Сен болашақ мамандығыңды дәл таңдадың ба?	60	40
2. Таңдаған мамандығыңа байланысты сені алдымен жұмыс процессі қызықтырды ма?	80	20
3. Қалаған мамандығыңа қол жеткізе алмаған жағдайда баламаң бар ма?	95	5
4. өзің таңдаған мамандық туралы басылымдар оқисың ба?	90	10
5. Сен мамандық бойынша психолог пен кеңестің бе?	70	30
6. Сен өзің таңдаған оқу орнына түсу шарттарын білесің бе?	98	2
7. Сен өзің таңдаған мамандық бойынша жұмысқа тұру мүмкіндіктері туралы білесің бе?	82	18
8. Егер өзің таңдаған оқу орнына түсе алмасаң қайтадан түсуге талпынасың ба?	23	77
9. Сен денсаулықтың мамандық таңдауға әсері жоқ деп ойлайсың ба?	2	98
10. Мамандықты дұрыс таңдау үшін қаладым деген сөз	7	93

"жеткілікті" ме?		
11. Мамандық таңдауда ата-анаңмен ақылдасасың ба?	50	50



5-11 сынып жетекшілері тақырыптық сынып сағаттарын, "кәсіптер әлемі", "мамандық және мамандық туралы түсінік", "мамандықтардың көп қырлы әлемі", "менің қызығушылығым", "мамандықты таңдауда өзін-өзі бағалау және нақты мүмкіндіктер" әңгімелерін өткізді.



8 сыныптар арасында мамандыққа байланысты сауалнама жұмыстары жүргізілді.

Сауалнама сұрақтары:

1. Болашақ мамандық таңдау туралы ойланып көрдіңіз бе?
2. Қандай мамандықтар сізді қызықтырады?
3. Сізге болашақ мамандығыңызды таңдауға кім көмектеседі?
4. Сіз қандай мамандықтарды беделді деп санайсыз?



Щучинск қаласы «№ 6 мамандандырылған Өрт Сөндіру бөлімі»

Атқарылатын жұмыстар мен міндеттері жөнінде оқушыларға көптеген ақпараттар айтып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





ҰБТ - КЕ БАЙЛАНЫСТЫ 11 СЫНЫПТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР



10 СЫНЫПТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ

1. МАМАНДЫҚ БІР РЕТ ЖӘНЕ БІРЖОЛА ТАҢДАЛАЫ - КӨПШІЛІГІ ЖАУАБЫ ИӘ
2. МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ АДАМНЫҢ ҚАБІЛЕТІНЕ, БЕЙІМДІЛІГІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ - ИӘ
3. МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ КҮНКӨРІСТІҢ ҚАМЫ - ИӘ
4. ЖАҚСЫ БІЛІМ АЛУ ҮШІН, ҚЫМБАТ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСУ КЕРЕК - ЖОҚ



9 СЫНЫПТАР АРАСЫНДА КВЕСТ ОЙЫНЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Абай Мырзахметов атындағы Университеттің оқу-зертханалық базасында заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған аудиториялардың қажетті саны бар, оның ішінде компьютерлік және тьюторлық сыныптар, мультимедиялық ағынды аудиториялар, мамандандырылған кабинеттер мен зертханалар, заманауи оқу-жаттығу полигондары, заманауи жабдықтармен жабдықталған технопарк, бизнес-инкубатор, үш спорт залы бар. Мәселен

мысалы, "жол көлігін тасымалдау мен пайдалануды ұйымдастыру және кәсіптік оқыту" кафедрасының зертханаларында қызметтің негізгі бағыттары оқу процесін ұйымдастыру – зертханаларда зертханалық және практикалық жұмыстар жүргізу, студенттердің оқу практикасынан өтуі болып табылады. Барлық ақпараттармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Жоғары техникалық колледж – еліміздің индустриялық-инновациялық даму талаптарына сай, жоғары білікті мамандарды даярлауды жүзеге асыратын жоғары білікті инженерлік-педагогикалық ұжымның, жоғары материалдық-техникалық базасына бай жаңа үлгісі.

Мектебімізге өздерінің әр мамандықтарын концерттік бағдарлама ретінде өз өнерлерін көрсетіп оқушыларымызға деген қызығушылықтарын арттырды.



Биылғы жылды қорытындылай келсек, 11 сыныптар - 50 оқушымен аяқтады.

Шетелге оқу орнына түскен оқушылар саны: грант иегерлері -2; ақылы – 3.

Оқу орнына түспеген оқушылар саны: 2 оқушы.

Әкім грантының иегерлері: 2 оқушы.

Жоғарғы оқу орнына түскен оқушылар: грант иегерлері – 13; ақылы – 28.

9 сыныптар – 80 оқушымен аяқтады.

Орта арнаулы колледж орындарына – 25 оқушы; 1 оқушы отбасылық жағдайларымен Алматы қаласындағы орта мектебіне ауысты.

10 сыныптардың бейіндік бағыт бойынша химия – биологияға 27 оқушы; физика-математика 33 оқушы.